

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 мамырдағы N 385 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы**

**1-бап .** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат, N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; 2006 ж. 28 қаңтардағы "Егемен Қазақстан" және 2006 ж. 31 қаңтардағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 ж. 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2006 ж. 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 ж. 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 ж. 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2006 ж. 10 наурыздағы "Егемен Қазақстан" және 2006 ж. 11 наурыздағы "Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне адамды саудаға салуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 ж. 2 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

209-баптың төртінші бөлігінде:

"он" деген сөз "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"жетпіс" деген сөз "қырық" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; 2006 ж. 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 ж. 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 ж. 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2006 ж. 24 ақпандағы "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне секьюритилендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 ж. 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-баптың 1-тармағының б) тармақшасындағы:

"заңды тұлғаны тарату кезінде, сондай-ақ құрылтайшының, қатысушының заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

"әрбір құрылтайшының, қатысушының қатысу үлесін сақтай отырып, таза табысты бөлу кезінде резидент заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған табыс дивидендтерге жатпайды" деген сөздер алып тасталсын;

2) 91-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дивидендтер;" ;

10) тармақша алып тасталсын;

3) 93-баптың 1-тармағында:

3) тармақшадағы "үш" деген сөз "алты" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тәуліктік ақы" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақша мен толықтырылсын:

"5) салық төлеуші кіру визасын ресімдеген кезде жұмсаған шығыстары (визаның, консулдық қызметтер құны, міндетті медициналық сақтандыру)";

4) 120-бапта:

2-тармақ "ұйымның" деген сөзден кейін "мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарды алған кезде шығыстардың жалпы сомасындағы коммерциялық емес ұйым шығыстарының шегерімдерге жатқызылуға тиіс сомасы салық төлеушінің қалауы бойынша барабарлық немесе бөлек әдісі бойынша анықталады.";

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасы барабарлық әдісі бойынша шығыстардың жалпы сомасындағы коммерциялық емес ұйым табыстарының жалпы сомасындағы осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген табыстардың үлес салмағын негізге ала отырып анықталады.

7. Бөлек әдісі бойынша салық төлеуші осы баптың 2-тармағында көрсетілген табыстарға жататын шығыстар және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарға қатысты шығыстар бойынша бөлек есеп жүргізеді.";

5) 122-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Банктер мен банк операциясының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2005 жылғы 1 қаңтардан 2007 жылғы 31 желтоқсан аралығы кезеңінде жеке мұқтаждары үшін тұрғын үйлерді сатып алу мен салуға арнап үш жылдан астам мерзімге жеке тұлғаларға берілген ипотекалық қарыздар бойынша алынған (алынуға тиіс) сыйақы сомасына салық салынатын кірісті азайтады.";

6 ) 1 2 6 - б а п т а :

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

8 - т а р м а қ т а :

"түзетілген" деген сөз "қосымша" деген сөзбен ауыстырылсын;

"түзетудің себептерін жазбаша негіздей отырып," деген сөздер алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 129-1 баппен толықтырылсын:

"129-1 бап. Дивидендтерге салық шегерімі

1. Резиденттерге дивидендтер төлеу кезінде салық төлеушілер ұстап қалатын салық сомасы корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде есепке алынады.

2. Шегерім, осы баптың 1 тармағында көрсетілген, мұндай есептелуден: есеп кезеңі ішінде, осы Кодекстің 129 және 131 баптарында көрсетілген шегерімдер сомасының есебімен осы Кодекстің 125 бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы

п л ю с

өткен екі есептік салық кезеңі үшін осы бапта көзделген есепке алу сомаларын ескере отырып, осы Кодекстің 125-бабына және осы Кодекстің 129, 131-баптарына

сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы

п л ю с

осы есеп кезеңі мен өткен есеп кезеңінің екі салық кезеңінде салық төлеушілерге Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы дивидендтер төлеу кезінде ұстап қалынған салық сомасынан аспауы тиіс.

3. Есепті салық кезеңінде корпоративтік табыс салығының сомасынан артқан шегерім сомасы келесі ағымдағы үш салық кезеңдері бойынша есептелінеді.;

8) 140-1-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы бесінші-жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"мәтіндерді өңдеу үшін машиналар, көшіру-көбейту жабдықтар, жөнелту машиналар, калькуляторлар, кассалық аппараттар, маркілеу машиналар, билет-кассалық машиналар өндірісі, ақпаратты өңдеу үшін басқа да кеңсе машиналар және жабдықтар, электронды есептеу машиналар мен өзге де жабдықтар өндірісі;

электр- және радио құрамдауыштар, таратушы аппаратура, қабылдау, жазу және дыбыс пен бейнені жаңғырту аппаратура өндірісі; тұрмыстық электр аспаптар өндірісі.;"

9 ) 1 4 4 - б а п т а :

3) тармақшадағы "(жоғалтқан жалақысына қатысты өтеуден басқа)" деген сөздер алып тасталсын;

5-2) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) лотерея бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 50 процент шегіндегі ұтыстар.;"

12) тармақшадағы "айлық есептік көрсеткіштің 240 еселенген" деген сөздер "тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 20 еселенген" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақшадағы "айлық есептік көрсеткіштің 70 еселенген" деген сөздер "әрбір төлем түрі бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 8 еселенген" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 145-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"145-бап. Салық ставкалары

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген табыстарды қоспағанда, салық төлеушінің салық салынатын табыстарына 10 процент ставкасы бойынша салық салынуға тиіс.

2. Сыйақылар (жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сыйақыларды қоспағанда), ұтыстар түріндегі табыстарға 10 проценттік ставка бойынша салық салынады.;"

1 1 ) 1 5 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "бір айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "ең төменгі жалақы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өз пайдасына енгізген ерікті зейнетақы жарналары;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңдарына сәйкес тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінде Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлға Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үйді жөндеу, салу немесе сатып алу үшін алған тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомалар."

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Жарты айдан аз жұмыс істеген қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысын айқындау кезінде, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шегерім жүргізілмейді."

2 - тармақта :

"2) және 4)" деген сөздер "4), 6), 7)" деген сандармен ауыстырылсын;

"(асырауындағыларға)" деген сөз алып тасталсын;

12) 153-баптың 1-тармақтағы, 155, 160, 162, 164, 174 баптардағы "белгіленген ставкаларды" деген сөздер "белгіленген ставканы" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 156-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"156-бап. Төлем көзінен салық салынатын зейнетақы төлемдері

Төлем көзінен салық салынатын зейнетақы төлемдеріне салық төлеушілердің зейнетақы жинақтарынан жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріндегі сомасына азайтылған төлемдер жатады."

14) 168-баптың 1-тармағындағы "3-тармағында" деген сөздер "1-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 192-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "500 айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздер "60 еселенген ең төменгі жалақының мөлшерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 229-бап "өткізуіне" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт жөнінде қызмет көрсетумен";

17) 234-баптың 1-тармағының 9) тармақшасындағы "қағаз" деген сөз алып тасталсын;

18) мынадай мазмұндағы 244-1-баппен толықтырылсын:

"244-1 бап. Жекелеген жағдайлардағы салық төлеу тәртібі

1. Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдар осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен қосымша құн салығын төлеуді жүргізеді.

2. Осы баптың мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуді жүргізетін ұйымдарға бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

- 1) қоғамдық азық-түлік өнімдері саласындағы қызметті қоспағанда, жылдық жиынтық табысының кемінде 90 процентін мына қызмет түрлерін: жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеуді; ет өнімдер өндірісін; өсімдік және жануар майы мен тоң майын жасауды; сүтті қайта өңдеу мен ірімшік өндірісін жүзеге асыру нәтижесінде алынуға тиіс ( алынған ) табыстар құрайтын;
- 2) шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қоспағанда, арнаулы салық режимдерін қолданбайтын;
- 3) акцизделетін өнімді өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын ұйымдар жатады.

3. Осы Кодекстің 244-бабына сәйкес есептелген қосылған құн салығының сомасы 50 процентке аз ады. " ;

- 19) 245-баптың 1 және 3-тармақтарында:
  - "15" деген сандар "14" деген сандармен ауыстырылсын;
  - "14" деген сандар "13" деген сандармен ауыстырылсын;
  - "13" деген сандар "12" деген сандармен ауыстырылсын;
- 20) 250-баптың 1-тармағының бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 3-3) тармақшамен толықтырылсын:

" 3 - 3 ) теңіз кемелерінің ;"  
2 1 ) 3 1 7 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме филиалдар мен өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын резидент еместер мынадай ставкалар бойынша әлеуметтік салық төлейді:

Салық төлеушінің салық салынатын табысы	Ставкасы
15 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	салық салынатын табыс сомасынан 13 процент
15-тен 40 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	15 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 11 процент
40-тан 200 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	40 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 9 процент
200-ден 600 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	200 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 7 процент
600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен	600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 5 процент

" ;

2 - тармақ алып тасталсын ;

3 - тармақта :

"үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"екі айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "бір айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақтағы "6,5" деген сандар "4,5" деген сандармен ауыстырылсын ;

22) 318-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі ", 2" деген сан алып тасталсын ;

23) 371-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

"2) қаржылық қызмет көрсететін;" ;

24) 375-баптың 1-тармағындағы "3" деген сан "2" деген санмен ауыстырылсын ;

25) 377 - бапта :

1-тармақтағы "тиісті салық ставкасын" деген сөздер "3 процент мөлшеріндегі ставкасын" ;

2 және 3-тармақтар алып тасталсын.

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" 2001 ж. 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 169-құжат; N 15-16, 224-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 1, 2-құжат; N 6, 73-құжат; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 21-22, 160-құжат; 2005 ж., N 23, 104-құжат) :

2 - баптың 1 - тармағында :

он төртінші және он бесінші абзацтар алып тасталсын ;

он сегізінші абзацтағы ", бірақ бес жылдан аспайтын мерзімде" деген сөздер алып тасталсын.

**2 - бап .** Осы Заң :

1) 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 18) тармақшасының үшінші абзацын, 20) және 21) тармақшаларын ;

2) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 18) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, 2007 жылғы қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*